



Nurly KOKSUS



ГАЗЕТ 1945 ЖЫЛДАН ШЫҒА БАСТАДЫ

**№49 (5278),
05 желтоқсан
жұма 2025 жыл**

@ nurly_koksu@mail.ru

@ nurlykoku

«МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫ НАРЫҚТЫҢ АДАЛ ҚАТЫСУШЫЛАРЫНА ҒАНА КӨРСЕТІЛЕДІ» – ОЛЖАС БЕКТЕНОВ ОТАНДЫҚ ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ ӨНДІРУШІЛЕРДІ ҚОЛДАУ ТУРАЛЫ



Үкімет отырысы барысында Премьер-министр Олжаса Бектенов отандық фармацевтика саласына қаржы тартуды ынталандыру мақсатында инвестициялар туралы келісімдер жасалып жатқанын атап өтті.

Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар өндіру бойынша 9 инвестициялық жоба қолға алынды. Денсаулық сақтау министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, үш ай ішінде барлық ұйымдастыру жұмыстарын аяқтап, инвесторлармен келісімдердің жасалуын қамтамасыз ету тапсырылды.

«Дәрі-дәрмекке баға белгілеудің жаңа цифрлық жүйесі фармацевтикалық нарықтағы барлық қатысушылар үшін бірыңғай ережелерді бекітті. Биыл препараттарға бағаны төмендетудің арқасында мемлекет дәрілерді сатып алуға 36 млрд теңгеден астам қаржы үнемдеді. Бұл қаражат халықты қосымша дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге бағытталады. Сатып алу бағаларының төмендеуі өндірушілер мен жеткізушілерге ұнай бермейтіні түсінікті. Бірақ біз азаматтарымыздың мүдделерін басшылыққа алуымыз керек. Дәрілер әділ бағамен сатып алынады. Отандық фармацевтикалық өндірушілерге айтарым, біз Сіздерді әрі қарай да қолдаймыз. Оған ешқандай күмән болмасын. Бірақ мемлекеттік қолдау шаралары сапалы медициналық өнімді жеткізетін және бағаны жасанды түрде өсірмейтін нарықтың адал қатысушыларына ғана көрсетіледі», — деп атап өтті Премьер-министр.

Денсаулық сақтау министрі

Ақмарал Өлназарова 2026 жылға арналған препараттарды сатып алу жаңартылған жүйе бойынша жүргізіліп жатқанын айтты. Дәрі-дәрмектердің кең тізімінің құнын төмендету нәтижесінде айтарлықтай бюджеттік тиімділікке қол жеткізілген. Бірқатар жоғары шығынды дәрілік заттар бойынша бағалар 50%-дан 300%-ға дейін төмендеді. Бұл, ең алдымен, онкологиялық препараттарға қатысты. Мысалы, Иматиниб дәрісі бойынша баға 9450 теңгеден 2348 теңгеге төмендеді, ал Бевацизумаб дәрісінің бағасы 360 мыңнан 77 мыңға дейін төмендеді.

Сонымен қатар дәрі-дәрмектер өзге де профильдер бойынша айтарлықтай арзандады. Осылайша, антибиотик Цефепим бойынша бюджетті үнемдеу 174 млн теңгені (-40%), ал иммунобиологиялық препарат Экулизумаб бойынша – 424 млн теңгені (-18%) құрады. Ең жоғары бюджеттік тиімділікті қамтамасыз ететін ТОП-10 препаратқа Бевацизумаб, Иматиниб, Сорафениб және Сунитиниб сияқты препараттар кірді. Сондай-ақ Инсулин деглудек, Метотрексат, Элтромбопаг, Будесонид және Иопромид бағасы айтарлықтай төмендеді.

Өзгерістер бөлшек сауда нарығына да әсер етті. 4 900 дәрі-дәрмектің бағасы қайта қаралды. Қазан-қараша айларында дәріханалардың мониторингі танымал препараттардың құны орта есеппен 12%-ға төмендегенін көрсетті. Мысалы, «Цефапс» препараты 31%-ға, «Зитмак» – 20%-ға, ал «Ревмоксикам» – 32%-ға арзандады.

Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, негізгі отандық өндірушілер жаңа ережелерге бейімделіп, дәрі-

дәрмектер желісінің бағасын төмендетіп үлгерген. Үнемделген қаражаттар ең алдымен алғаш рет анықталған пациенттердің қосымша қажеттіліктерін қамтамасыз етуге жұмсалмақ. Жалпы алғанда, жаңа баға белгілеу моделі тұрақты және болжамды нарықты қалыптастырып,

жеткізу қауіпсіздігін нығайтады және сыртқы баға ауытқуларына тәуелділікті төмендетеді. Министрлік қол жеткізілген нәтижелерді бекіту бағытында жұмысты жалғастырады.

<https://primeminister.kz/news/>

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ӘСКЕРИ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІП МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША КЕҢЕС ӨТКІЗДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қарулы Күштердегі, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдардағы әскери және құқықтық тәртіп мәселелері бойынша кеңес өтті.

Жиында Бас прокурор Берік Асыллов, Ішкі істер министрі Ержан Сәденов, Қорғаныс министрі Дәурен Қосанов әскери және құқықтық тәртіпті сақтау шаралары, сондай-ақ әскерилер арасында жүргізіліп жатқан тәрбие жұмыстары туралы баяндама жасады.

құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша Қарулы Күштер мен құқық қорғау органдары басшылары қызметінің түрлі аспектілері қарастырылды.

Президент заң мен тәртіпті одан әрі қамтамасыз етуге, әскердегі тәрбие жұмысын жетілдіруге, әскери қызметшілердің мерт болуына және жарақат алуына жол бермеу бойынша қабылданған шаралардың тиімділігін арттыруға бағытталған бірқатар нақты тапсырма берді.

<https://www.akorda.kz/kz>

Сонымен қатар әскердегі



ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛУ - 2026

АУДАНДЫҚ «НҰРЛЫ КӨКСУ» ГАЗЕТІНЕ «КАЗПОЧТА»
АРҚЫЛЫ 2026 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

ИНДЕКС	ЖАЗЫЛУШЫЛАР САНАТЫ	6 ай	12 ай
16117	ЗАҢДЫ ТҰЛҒА	5785,76	11571,52
66117	ЖЕКЕ ТҰЛҒА	4585,76	9171,52

БАЙЛАНЫС НОМЕРІ:

+7 778 858 2578

ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫНДА 588 КӘСІПОРЫН ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ



Жетісу облысында 588 кәсіпорын бар, соның 378-і өңдеу өнеркәсібінде жұмыс істейді. Осы жылдың он айында өнеркәсіп өндірісінің көлемі 323,2 млрд. теңгені құрады, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыстық кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасының мәліметінше, өңдеу өнеркәсібіндегі өндіріс көлемі 240,1 млрд. теңгені құрады. Бұл ретте оның өнеркәсіптегі үлесі – 74,3%, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 3,3%-ға өскен.

Облыс кәсіпорындарының өнімділігін арттырып, өндіріс көлемін ұлғайту үшін үнемі цифрландыру элементтері енгізіле отырылып, жаңғыртылады.

Мәселен, осы жылы «Қайнар АКБ» ЖШС өнеркәсіптік аккумуляторлар шығаратын жаңа желіні іске қосып, жаңғырту жүргізді. Сондай-ақ қойма, монтаждау желісі, лазерлік таңбалау және жұмыс уақытын есептеу жүйесі автоматтандырылды.

«Метакон» ЖШС металды лазерлік кесу және металл конструкцияларды роботтық дәнекерлеу жүйесін енгізді, ал «Алацем» ЖШС робот-паллетайзермен жабдықталған орау цехын ашты.

Сонымен қатар қоспаны дайындаудан бастап кесіп, қаптауға дейін толық автоматтандырылған өндіріс процесімен газоблок шығаратын «Стальбетон» ЖШС зауыты пайдалануға берілді.

«Бұл шаралар шығындарды төмендетіп, дәлдікті арттырады және өңір кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін күшейтеді. Жалпы, 2029 жылға дейін өңдеу өнеркәсібі саласында 1,9 трлн. теңге көлемінде 29 жобаны іске асыру жоспарлануда. 6,7 мыңнан астам жұмыс орны құрылады. Олардың ішінде ірі перспективалық жобалар «Шоғырландырылған тау-кен құрылыс компаниясы» ЖШС металлургия комбинаты, «Қазақстан-Қытай халықаралық өндірістік қаласы» ЖШС индустриалық паркі, «Empire Manufacturing Kazakhstan» ЖШС пакеттелген кофе мен шай өндірісі, «Envision KKS» ЖШС жел электр станцияларын өндіретін зауыты, - деп атап өтті облыстық кәсіпкерлік және ИИД басқармасының басшысы Серік Сәбетайұлы.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Фотографтар: Жеңіс Ысқабай, Дмитрий Ерофеев

ЖЕТИСУДА БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН ОЛАРДЫ ТАМАҚТАНДЫРУ МӘСЕЛЕСІНЕ ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ ЖҮРГІЗІЛДІ



Жетісу облысында орта және мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балаларды тамақтандыру сапасы мен олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді бақылайтын қоғамдық штаб жұмыс істейді. Осы жылдың қазан айында құрылған штабтың құрамындағы жергілікті мәслихат депутаттары, үкіметтік емес ұйымдар өкілдері, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының аймақтық филиалының, барлық деңгейдегі қоғамдық кеңестер мен «AMANAT» партиясы облыстық филиалының мүшелері және белсенді азаматтар екі ай ішінде өңірдегі 416 білім мекемесіне, соның ішінде жекеменшіктегі мекемелерге де мониторинг жүргізді, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

«Қоғамдық бақылау туралы» Заңның аясында жүргізілген мониторинг барысында қоғамдық штаб өкілдері тамақтану сапасы мен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты негізгі мәселелерден бөлек, санитарлық-гигиеналық нормалар мен талаптардың сақталуына, температуралық режимге, іс жүргізуге, оқушыларды автобуспен тасымалдауға ерекше назар аударды. Сондай-ақ олар білім беру нысандарында жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмыстарына қатысты мәселелерді де қарастырды.

Балалардың қауіпсіздігі мәселесіне қатысты облыстық білім басқармасының басшысы Дәурен Жүнісов:

- Өңірдегі 422 білім беру ұйымының барлығы бейнебақылау камераларымен толық қамтамасыз етіліп, Полиция Департаментінің жедел басқару орталығына қосылған. Сол сияқты барлық білім беру ұйымдарында «Дабыл түймелері» қойылып, жергілікті полиция басқармаларының кезекші бөліміне қосылды. Бүгінгі күні 296 білім беру ұйымында 518 дана турникет орнатылды. Облыс бойынша 210 білім беру ұйымы 253 штаттық бірлікте арнайы мамандандырылған күзетпен қамтамасыз етілген. Бұл бағыттағы жұмыс жалғасуда, - деді өз сөзінде.

Қоғамдық штаб өкілдерінің айтуынша, мониторинг қорытындылары білім беру сапасын одан әрі жүйелі түрде жақсартудың негізіне айналады.

- Балалардың қауіпсіздігі мен әлауқатын қамтамасыз ету мәселелерін қоғамдық бақылау – аталған мәселерге қатысты мәліметтерді жинақтау, талдау және бағалау ісін қамтитын кешенді жұмыс. Біздің мақсатымыз – туындаған мәселелерді анықтап, оларды шешу бойынша ұсынымдар әзірлеу. Ал бұл

МЕМЛЕКЕТ ТҰРҒЫН ҮЙ КӨМЕГІНІҢ ЕРЕЖЕЛЕРІН ЖАҢАРТТЫ: ЕНДІ БӘРІ АШЫҚ ЖӘНЕ ОНЛАЙН ҚОЛЖЕТІМДІ

Тұрғын үй көмек – Қазақстандағы аз қамтылған азаматтар мен отбасыларға арналған мемлекеттік төлем. Ол тұрғын үйге, коммуналдық қызметтерге және мемлекеттік тұрғын үй қорынан жалға алынған баспананың шығындарының бір бөлігін өтеуге бағытталған. Мемлекеттің мақсаты – әлеуметтік осал азаматтарды қолдау және цифрландыру арқылы процесс ашықтығын қамтамасыз ету.

2025 жылы көмек алу жолы

- Өтінішті онлайн eGov.kz порталы арқылы немесе ХҚКО арқылы жеке түрде беру мүмкін.

- Негізгі мәліметтер (тұрғын үй иелігі, тіркелу, кірістер, банк шоты) мемлекеттік органдар арқылы тексеріледі.

- Өтінішті тіркеу үшін отбасындағы барлық жеткіншек жастағы мүшелердің келісімі қажет.

- ААЖ «Әлеуметтік көмек» жүйесінде нормативтік есеп жасалады, бұл шешім қабылдау процесін жеделдетеді.

Кімдер көмек ала алады

- Тұрғын үй және коммуналдық қызметтерге шығындары жалпы кірістің рұқсат етілген бөлігінен (5%-10%, мәслихаттар белгілейді) асатын, кірісі белгіленген шектен төмен аз қамтылған отбасылар.

- Көмек тек бір ғана тұрғын үйге (өздігіңізге немесе мемлекеттік қордан жалға алынған) беріледі.

- Отбасының кірісі өтініш берілетін кварталға дейінгі үш ай бойынша есептеледі, оған жалақы, жәрдемақылар, алимент, кәсіпкерлік табыс, жалға беру, бағалы қағаздар мен сыйлықтар кіреді.

Не өтеледі

- Коммуналдық қызметтер: су, электр, газ, жылу.
- Тұрғын үй мен аула аумағын күтіп ұстау.

- Капиталдық жөндеу.
- Байланыс қызметтері.
- Мемлекеттік қордан алынған тұрғын үйді жалға алу төлемі.

Көмек тек бір тұрғын үйге

беріледі, жеке тұлғадан жалға алу мен коммуналдық қызметтердің нормативтен асқан тұтынуын немесе пәтер аумағының шектен тыс қолданылуын қамтымайды.

Көмектің есептелуі

Тұрғын үй көмегі = нақты шығындар – рұқсат етілген шығын деңгейі (жергілікті мәслихаттар белгілейді).

- Нормативтік есеп ААЖ «Әлеуметтік көмек» жүйесінде аймақтық шектеулер мен нормаларды ескере отырып жасалады.

- Есептеу кезінде бір адамға 18 м² белгіленген.

Өтінішті қандам беру

1. Өтініш беру – eGov.kz порталында немесе ХҚКО арқылы ЭЦҚ арқылы.

2. Тексеру – мемлекеттік органдар тұрғын үй, тіркелу, отбасы құрамы, банк шоты және мемлекеттік тұрғын үйді тексереді.

3. Мәліметтерді енгізу – өткен кварталға арналған төлем құжаттарын тіркеу (тұрғын үй, коммуналдық қызмет, байланыс).

4. Қарау – әкімдіктер нормативтік есеп жасайды; мерзімі – 6 жұмыс күні.

5. Шешім қабылдау және төлеу – өтініш берушіге хабарланды; тізімдер Қаржы министрлігінің Казначейлік комитетіне жіберіліп, қаражат аударылады.

Қажетті құжаттар

- Жеке куәлік.
- Коммуналдық қызмет, тұрғын үйді күтіп ұстау және капиталдық жөндеуге арналған төлем құжаттары.

- Байланыс қызметтеріне келісім немесе төлем құжаттары.
- Мемлекеттік қордан жалға алу туралы құжат (бар болса).
- Банк шотының нөмірі (IBAN).

Дереккөз: ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің ресми сайты



ұсыныстарды іске асыру өңірде заманауи әрі қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мұндай мониторинг шараларын облыс көлемінде әр тоқсан сайын жүргізіп тұрамыз, - деді «AMANAT» партиясы Жетісу облыстық филиалының төрағасы Арыстанғали Арын.

Жалпы, биыл өңірде 3 мектептің құрылысы аяқталды. Атап айтқанда, «Келешек мектебі» ұлттық жобасы аясында Алакөл ауданының Достық ауылында 600 орындық, Ақсу ауданының Келтабан ауылында 120 орындық, Панфилов ауданының Талды ауылында 300 орындық мектептер пайдалануға берілді. Тағы 4 мектептің құрылысы жалғасуда, яғни Кербұлақ ауданының Көксау ауылында, Панфилов ауданының Суптай ауылында, Текелі қаласында және Талдықорған

қаласында жалпы 680 орынға арналған білім нысандары салынып жатыр, келесі жылы пайдалануға беріледі. Сол сияқты 7 мектепке күрделі жөндеу жүргізіліп, соның 5-еуінде жөндеу жұмыстары аяқталды, ал қалған 2 мектепте құрылыс жұмыстары жыл соңына дейін толық бітеді. Бұдан бөлек, биыл 14 мектепте, 5 балабақшада және 1 лагерьде – жалпы саны 30 білім беру нысанында ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Ал келесі жылы 25 мектеп, 2027 жылы тағы 25 мектеп жөндеуден өтеді.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Фототілшілер: Дмитрий Ерофеев, Жұмабай Мұсабетов, сондай-ақ, фотосуреттерді «AMANAT» партиясының облыстық филиалы ұсынды



АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРДЕ «НҰРЛЫ КӨКСУ» ГАЗЕТІНЕ ТІРКЕЛУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛДІ



Көксу ауданы бойынша «Нұрлы Көксу» газетіне жазылу науқанын насихаттау және аудандық басылымның 80 жылдық тарихын таныстыру мақсатында бірқатар ауылдық округтерге іс-сапар ұйымдастырылды. Іс-сапар барысында аудан тұрғындары мен жергілікті әкімдік өкілдеріне газеттің аймақ өміріндегі маңызы мен ақпараттық құндылығы кеңінен түсіндірілді.

Атап айтқанда, іс-сапар тобы Айнабұлақ, Алғабас, Мұқыры, Мұқаншы, Еңбекшіқазақ, Алғасбас, Лабасы, Қабылиса, Балпық би ауылдық округтерінде болып, жергілікті әкімдермен және әкімдік аппаратындағы бас мамандармен кездесті. Кездесулер барысында тұрғындардың ақпаратқа қолжетімділігін арттыру, газет арқылы аудан тынысын кеңінен қамту, сондай-ақ басылымның болашақ дамуына қатысты ұсыныс-пікірлер талқыланды.

Сонымен қатар, округ қызметкерлеріне және ауыл тұрғындарына «Нұрлы Көксу» газетінің 80 жыл ішінде қалыптасқан тарихы, басылымның өңірлік журналистикадағы орны мен қоғаммен байланыс орнатудағы рөлі туралы жан-жақты мәлімет берілді. Жазылу науқанының маңыздылығы түсіндіріле отырып, аудандық газетті қолдау — жергілікті ақпарат кеңістігінің дамуына қосылған үлес екені атап өтілді.

Іс-сапар соңында округ әкімдері мен мамандары басылыммен өзара ынтымақтастықты нығайтуға дайын екендіктерін жеткізіп, ақпарат алмасу бағытындағы бірқатар мәселелер ортақ талқылаудан өтті.

«Нұрлы Көксу» газетінің тілшісі
Азина ТОҚТАРМАН

КӨКСУ АУДАНЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС 50-ШІ СЕССИЯСЫ ӨТТІ

Ағымдағы жылдың 1 желтоқсан күні Көксу ауданы мәслихатының кезектен тыс 50-ші сессиясы өтті. Жиынға Көксу ауданының әкімі Дәулет Кенжеханұлы, «AMANAT» партиясы Көксу аудандық филиалының төрағасы Мәлік Аманбайұлы, аудандық бөлім басшылары, сондай-ақ ауылдық округ әкімдері қатысты.

Сессияның күн тәртібіне бір негізгі мәселе енгізілді: 2025–2027 жылдарға арналған ауылдық округтердің бюджетіне өзгерістер енгізу туралы ұсыныс.

Аталған мәселе бойынша аудандық экономика және қаржы бөлімінің өкілдері жоспарланған өзгерістердің мазмұны мен қажеттілігі жөнінде баяндама жасады. Бюджеттік түзетулер ауылдық округтердегі

әлеуметтік нысандарды жөндеу, инфрақұрылымды жақсарту, ауылды дамыту бағытындағы жобаларды іске асыруға жұмсалатын қаржының тиімді бөлінуіне бағытталғаны атап өтілді.

Талқылау барысында депутаттар ұсынылған өзгерістердің әр тармағын ашық талқылап, өз пікірлерін ортаға салды. Сонымен қатар, ауылдық округ әкімдері де өз аумақтарындағы жағдайға байланысты қосымша ақпарат беріп, түзетулердің тиімділігіне тоқталды.

Жиын соңында күн тәртібіндегі мәселе депутаттардың дауыс беруіне ұсынылып, болашақ үш жылдық кезеңге арналған бюджеттік өзгерістер бірауыздан қабылданды.

Өз тілшіміз



СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚОҒАМ ДЕРТІ



Бүгін біз еліміздің дамуына, қоғамның әділдігіне, адам құқығына тікелей әсер ететін маңызды мәселені талқыладық. Ақтекше ауылдық кітапханасының ұйымдастыруымен «Сыбайлас жемқорлық – қоғам дерті» атты ақпараттық сағат өтті. Аталған шараға Қабылиса ауылдық округінің мамандары, мектеп ұстаздары мен мектеп оқушылары қатысты.

Мақсатымыз – сыбайлас жемқорлықтың не екенін түсіну, оның зиянын білу және адалдықтың маңызын ұғыну. Мектептен бастап жас ұрпаққа адалдық пен жауапкершілікті дәріптеу өте маңызды. Өйткені жемқорлықтың алдын – алу тәрбие мен мәдениеттен басталады. Сыбайлас жемқорлық – кез келген мемлекеттің дамуына кедергі келтіретін, қоғамның сенімін әлсірететін ең өзекті мәселелердің

бірі. Сыбайлас жемқорлықтың негізгі себебі – жауапкершіліктің төмендігі, заңды елемеу, жеке пайдасын қоғамнан жоғары қою. Мұндай әрекеттер қоғамдағы әділдік ұғымын бұзады, жастардың болашаққа деген сенімін азайтады. Сондықтан бұл дертпен күресу тек мемлекеттік органдар ғана емес, әрбір азаматтың ортақ міндеті.

Сыбайлас жемқорлық азайған қоғамда экономика дами-ды, азаматтардың құқықтары қорғалады, өмір сапасы артады. Сондықтан әр адам өз ісіне адал болып, мемлекетке, қоғамға үлесін қосса – жемқорлықсыз, әділ болашақ құруға болады.

Ақтекше ауылдық кітапханасының кітапханашысы
М.Ахметова

КӨКСУ АУДАНЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Көксу ауданында әлеуметтік және тұрғын үй инфрақұрылымын дамыту бағытында жүйелі әрі ауқымы жобалар жүзеге асуда. Осыған байланысты аудан әкімі Дәулет Кенжеханұлы, аудан әкімінің орынбасары Мәди Мырзатайұлы және мердігер ұйым өкілдері бірқатар құрылыс нысандарын аралап, жұмыс барысымен танысты.

Қазіргі уақытта іске асырылып жатқан ірі жобалар:

- Екі шығуға арналған өрт сөндіру депосының құрылысы
- Екі 60 пәтерлі тұрғын үй (пятау 1, 2) және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым құрылысы
- Кәріз жүйесінің құрылысы
- Балпық би ауылындағы 30 жеке тұрғын үйдің құрылысы
- Көксу ауданы бойынша қызмет атқаратын жедел жәрдем бригадаларының қосалқы станция-

сы

- Еңбекшіқазақ ауылында 7 жеке тұрғын үй құрылысы
- Жамбыл ауылында 8 жеке тұрғын үй құрылысы
- Жарлыөзек ауылындағы жаңа Мәдениет үйінің құрылысы

Аудан басшысы нысандардың сапасы, қауіпсіздік талаптарының сақталуы және белгіленген мерзімде аяқталуына ерекше көңіл бөліп, мердігер мекемелерге нақты тапсырмалар берді.

Бұл жобалар – аудан тұрғындарының әл-ауқатын арттыруға бағытталған маңызды бастамалар.

Барлық құрылыс нысандары аудан әкімдігінің жіті бақылауында болады.

Аружан ЖАҚЫП



ӘКІМ МЕН ХАЛЫҚ АРАСЫН ЖАҚЫНДАТҚАН ЖҮЗДЕСУ



Көксу ауданының әкімі Дәулет Кенжеханұлы 10 ауылдық округтің тұрғындарымен есептік кездесу өткізді.

Жиын барысында ауданның 2025 жылдың екінші жартыжылдығындағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары баяндалып, ауыл тұрғындары тарапынан бұрын көтерілген мәселелердің орындалу жағдайы талқыланды.

Кездесуде халық ауыз су, жол, көше жарығы, жұмыспен қамту, әлеуметтік қолдау сияқты маңызды мәселелерді көтерді. Әкім әрбір сұраққа нақты жауап беріп, тиісті сала басшыларына міндеттер мен тапсырмалар жүктеді.

Есептік кездесу тұрғындармен ашық пікір алмасуға, өзекті мәселелерді бірге талқылап, шешім жолдарын айқындауға мүмкіндік берді. Әкім халыққа жақын екенін көрсете отырып, аудан тұрғындарының ұсыныстары мен арыздарын тыңдауға ерекше көңіл бөлді.

Кездесу тұрғындар мен әкімдік арасындағы өзара түсіністікті арттырып, алдағы уақытта ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беретін маңызды шара болды.

10 ауылдық округі бойынша әлеуметтік-экономикалық даму бағыты бойынша шағын ақпарат ұсынуды жөн көрдік.

Алғабас ауылдық округінің 2025 жыл бойынша әлеуметтік-экономикалық дамуы

Алғабас ауылдық округінде 2025 жылы бірқатар маңызды әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерге қол жеткізілді. Округтің дербес бюджеті 67,3 млн теңгені құрап, оның ішінде меншікті кірістер көлемі – 14,7 млн теңге, яғни жалпы бюджеттің 21,8% болды. Бұл көрсеткіш округтің қаржылық тұрақтылығын арттыру бағытында жүйелі жұмыс жүргізіліп жатқанын көрсетеді.

Салықтық база және көлік салығы

Ауылдық округ бойынша көлік салығының берешек сомасы 6 адамнан 906 мың теңгені құрады. Осыған байланысты округ әкіміне салық базасын кеңейту және берешектерді өндіру бойынша жұмыстарды күшейту тапсырылды.

Инфрақұрылымдық жобалар

2025 жылы Алғабас ауылдық округінде жалпы құны 222,9 млн теңгені құрайтын 3 жоба іске асырылды. Олардың қатарында:

- Иманбай көшесінде орташа жөндеу жұмыстары – 36,6 млн теңге (0,76 км);
- Қызылтоған ауылындағы фельдшерлік-акушерлік пунктін құрылысы – 182,6 млн теңге («Ауылдық денсаулық сақтауы жаңғырту» Ұлттық жобасы аясында);
- ҰОС ардагерлеріне арналған ескерткішке ағымдағы жөндеу және ардагерлер алпесына қоршау орнату – 3,7 млн теңге.

бұл жалпы кірістің 6,1%-ын құрайды. Аталған көрсеткіш округтің қаржылық мүмкіндіктерін тиімді пайдалану бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстардың нәтижесін көрсетеді.

Салықтық түсімдер және берешек мәселесі

Айнабұлақ ауылдық округінде көлік салығынан 8 адамда 538 мың теңге берешек бар екені анықталды. Осыған орай округ әкіміне салық базасын ұлғайту және берешектерді өндіру бойынша жұмысты күшейту тапсырылды.

Инфрақұрылымдық жобалар

2025 жылы округ бойынша жалпы құны 217,5 млн теңгені құрайтын 6 жоба іске асырылып, олардың 5-і толық аяқталды. Аталған жобалар ауылдық инфрақұрылымды жақсартуға бағытталды. Олардың ішінде:

- Көше шамдарын орнату;
- Жолдарды жөндеу жұмыстары (2 жоба);
- Блокты-модульдік медициналық пункт орнату;
- Балалар ойын алаңы мен спорт алаңдарын (воркаут) жайластыру (2 жоба).

Көше жарықтандыру

Айнабұлақ ауылдық округінде көшені жарықтандыру жұмыстары ауқымды түрде жүргізіліп, 147 жарықтандыру тірегі мен шамдар орнатылды. Жобаның жалпы құны – 76,6 млн теңге.

Жол жөндеу жұмыстары

Айнабұлақ бекетіндегі қазақтың ит тұқымдарының ұлттық орталығына баратын 1,75 шақырым жол орташа жөндеуден өтіп, жұмыстың жалпы құны 114,4 млн теңгені құрады.

Сонымен қатар, Айнабұлақ ауылына кіреберіс автожолындағы көпірге қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Жобаның құны 1,6 млрд теңге, жұмыстар жыл соңына дейін аяқтау жоспарланған.

Әлеуметтік нысандарды дамыту

ПЧ-45 ауылында блокты-модульдік медициналық пункт орнатылды.

Айнабұлақ және ПЧ-45 ауылдарында балалар ойын алаңы мен воркаут алаңдары орнатылып, бұл мақсатқа 26,5 млн теңге бөлінді.

Жұмыспен қамту көрсеткіштері

2025 жылдың 10 айында жұмыспен қамту бағдарламасына округтің 47 тұрғыны қатысып, олардың 36-сы тұрақты жұмысқа орналасқан. Бұл көрсеткіш мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін және тұрғындардың еңбек нарығына белсенді кірігін көрсетеді.

Қорытынды

2025 жыл Айнабұлақ ауылдық округі үшін инфрақұрылымды жаңғырту, әлеуметтік нысандарды дамыту және тұрғындардың әл-ауқатын жақсарту бағытында нәтижелі жыл болды. Ауқымды жобалардың жүзеге асуы ауылдардың көркеюіне, халықтың өмір сапасының артуына ықпал етуде. Алдағы уақытта да округтің дамуына бағытталған жұмыстар жүйелі түрде жалғасын табады.

әлеуметтік бағдарламалардың тиімді жүзеге асырылып жатқанын көрсетеді.

Инфрақұрылымдық жобалар

2025 жылы Мұқаншы ауылдық округінде 9 жоба іске асыру жоспарланып, олардың 8-і орындалып, 1 жоба жыл соңына дейін аяқталуы күтілуде. Аталған жобалар:

- сумен жабдықтау жүйесін жаңарту;
- фельдшерлік-акушерлік пунктін құрылысы;
- жолдарды орташа жөндеу;
- әлеуметтік нысандарға ағымдағы жөндеу;
- көше жарығын орнату;
- елді мекендерді газдандыру.

Сумен жабдықтау

Көксу бекетінде сумен жабдықтау жүйесін қайта жаңарту және салу жұмыстары жүргізіліп, 2,6 шақырым су құбыры жаңартылды. Құрылыс толық аяқталып, қабылдау құжаттары рәсімделу үстінде. Жоба құны – 166,0 млн теңге.

Денсаулық сақтау нысандары

«Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында Жетіжал ауылында жаңа фельдшерлік-акушерлік пункт салынып, пайдалануға берілді. Нысанның құрылысына 186,2 млн теңге бағытталды.

Білім беру

Көксу бекетінде 75 орындық заманауи балабақша ашылды. Жаңа мекеме балалар үшін қауіпсіз әрі қолайлы орта жасап, ауылдағы мектепке дейінгі білім беру жүйесін жақсартты.

Жол жөндеу

2025 жылы округте бірқатар көшелерге орташа жөндеу жүргізілді. Атап айтқанда:

- Жетіжал ауылындағы Абай, Байсабанов, Тоқсанбаев көшелері,
- Көксу бекетіндегі Қожаберген, Шалабаев, Жапсарбаев, Байшапанов көшелері,
- Надырызбек ауылындағы Ағыбаев, Өндіріс көшелері жөндеуді.

Жалпы құны – 204,7 млн теңге.

Ағымдағы жөндеу жұмыстары

Ауылдық округ әкімдігінің әкімшілік ғимаратына ағымдағы жөндеу – 23,2 млн теңге.

Көксу бекетіндегі ҰОС қатысушыларына арналған ескерткішке жөндеу – 1,3 млн теңге.

Көше жарықтандыру

Мұқаншы ауылындағы Сейфуллин, Желтоқсан көшелеріне, Жетіжал ауылындағы Абай және Байсабанов көшелеріне жарықтандыру жұмыстары жүргізілді.

Жетіжал ауылында 71 жарықтандыру тірегі,

Мұқаншы ауылында 48 тірек орнатылды.

Жалпы жоба құны – 75,6 млн теңге.

Газдандыру

2025 жылы Көксу бекеті көгілдір отынға қосылып, ауыл тұрғындары үшін тұрмыстық қолайлық айтарлықтай жақсартылды.

Мәулімбай ауылы мен Мойынқұм ауылы арасындағы 2 км жол ағымдағы жөндеуден өтті. (6,5 млн теңге)

Қоршау орнату

Мұсабек ауылындағы ҚТҚ полигонының аумағына қоршау орнатылып, жоба толық аяқталды. (9,7 млн теңге)

Ойын және спорт алаңдары

Мұсабек ауылында футбол және балалар ойын алаңдары салынды. Бұл жобаның жалпы құны – 31,2 млн теңге. Аталған нысандар ауыл жастары мен балалардың бос уақытын тиімді өткізуге жағдай жасайды.

Газдандыру

Нәдірізбек ауылында газдандыру жұмыстары жүргізілуде. Құрылыс жұмыстарының жалпы құны – 153,3 млн теңге. Жоба ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын арттыруға бағытталған.

Жұмыспен қамту

2025 жылдың 10 айында округ бойынша жұмыспен қамту бағдарламасына 35 азамат қатысып, олардың 13-і тұрақты жұмысқа орналастырылды. Бұл шаралар округтің әлеуметтік тұрақтылығын нығайтуға ықпал етеді.

Қорытынды

2025 жылы Мұсабек ауылдық округі инфрақұрылымды дамыту, әлеуметтік нысандарды жақсарту және газдандыру сияқты негізгі бағыттарда елеулі жетістіктерге жетті. Жобалардың жүзеге асуы халықтың өмір сапасын арттырып, ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына нақты серпін берді. Алдағы уақытта да округтің дамуына бағытталған жұмыстар қарқынды түрде жалғасын табатын болады.

Қабылиса ауылдық округінің 2025 жылдағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары

Қабылиса ауылдық округі 2025 жылы әлеуметтік, инфрақұрылымдық және экономикалық бағыттарда бірқатар маңызды нәтижелерге қол жеткізді. Округте абаттандыру жұмыстары қарқын алып, халықтың әлауқатына оң әсер ететін жобалар жүзеге асырылды.

Бюджет және кірістер құрылымы

2025 жылға Қабылиса ауылдық округінің дербес бюджеті 411,8 млн теңгені құрады. Оның ішінде меншікті кірістердің жоспары – 10,9 млн теңге, бұл жалпы кірістердің 2,6%-ын көрсетеді. Бұл көрсеткіш округтің экономикалық белсенділігін арттыруды қажет ететінін айғақтайды.

Салық базасы және көлік салығы

Ауылдық округте көлік салығынан 4 адамда 336 мың теңге берешек бар екені анықталды. Осыған байланысты салық әкімшілігін күшейту, салықтық түсімдерді арттыру және берешекті өндіріп алу бойынша нақты шаралар қабылдау қажеттілігі туындап отыр.

Жұмыспен қамту жағдайы

2025 жылдың 10 айында жұмыспен қамту бағдарламасына 98 тұрғын қатысып, олардың 25-і тұрақты жұмысқа орналастырылды. Бұл округтегі еңбек нарығының белсенділігін және мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін көрсетеді.

Инфрақұрылымдық жобалар

2025 жылы Қабылиса ауылдық округінде 6 жоба жүзеге асырылды. Бұл жобалар ауылдардың әлеуметтік инфрақұрылымын жақсартуға бағытталды:

- саябақты абаттандыру;
- ескерткішке ағымдағы жөндеу;
- 2 ойын және спорт алаңдарын орнату;
- жол жөндеу;
- аумақты қоршау жұмыстары.

«Жастар» саябағы – Ақтекше ауылында жаңа тыныс

Ақтекше ауылында «Жастар» саябағының құрылысы толық аяқталып, ауыл тұрғындары үшін жайлы демалыс орны болды. Жобаның жалпы құны – 230 млн теңге.

Ескерткіштерді жөндеу

Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арналған ескерткішке ағымдағы жөндеу жүргізілді. Жөндеу жұмыстарының құны – 1,1 млн теңге.

Ойын және спорт алаңдары

Округте бұқаралық спортты дамытуға ерекше назар аударылды:

- Көкбастау ауылында шағын футбол және балалар ойын алаңы,
- Ақтекше ауылында футбол және баскетбол алаңдары орнатылды.

Жалпы жоба құны – 122,1 млн теңге.

Жол жөндеу

Қабылиса ауылдық округіндегі Абай, Қабылиса, Егінбаев көшелеріндегі шұңқырларды жамау жұмыстары жүргізілді. Жөндеу құны – 6,8 млн теңге.

Аумақты қоршау жұмыстары

Қабылиса ауылдық округінде сбір жарасының ошағы мен көмінді орналасқан жер уысқесінің аумағы қоршалды. Жоба құны – 557,2 мың теңге. Бұл ауылдағы ветеринарлық қауіпсіздік шараларын нығайтуға бағытталған маңызды жұмыс болып табылады.

ЖАЛҒАСЫ: КЕЛЕСІ БЕТТЕ...

ЖАЛҒАСЫ (БАСЫ 4 - бетте)

Қорытынды
2025 жыл Қаблеса ауылдық округі үшін инфрақұрылымды жаңғырту, әлеуметтік нысандарды жаңарту және тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру бағытында қарқынды кезең болды. Жүзеге асқан жобалар ауылдардың келбетін жаңартып, тұрғындардың күнделікті тұрмысына қолайлы жағдай жасады. Алдағы уақытта да округтің дамуына бағытталған жұмыстар жалғасатын болады.

Лабасы ауылдық округінің 2025 жылдағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары

Лабасы ауылдық округі 2025 жылы инфрақұрылымды дамыту, әлеуметтік нысандарды жаңарту және тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру бағытында ауқымды жұмыстар атқарды. Округте жоспарланған жобалардың басым бөлігі толығымен іске асырылып, ауылдардың көркейуіне елеулі үлес қосылды.

Бюджет көрсеткіштері

2025 жылға Лабасы ауылдық округінің дербес бюджетінің көлемі 164 млн теңгені құрады. Оның ішінде меншікті кірістердің жоспары – 62,5 млн теңге, бұл жалпы бюджеттің 38,1%-ын құрайды. Бұл округтің экономикалық белсенділігі мен қаржылық дербестігінің жоғары деңгейін көрсетеді.

Салықтық берешек және көлік салығы Ауылдық округ бойынша көлік салығынан 31 адамда 2 млн 562 мың теңге көлемінде берешек қалыптасқан. Осыған орай округ әкіміне салықтық берешекті азайту және төлемдерді өндіру жұмыстарын күшейту тапсырылды.

Жұмыспен қамту саласы

2025 жылдың 10 айында жұмыспен қамту бағдарламасына 108 тұрғын қатысып, олардың 28-і тұрақты жұмысқа орналасты. Бұл ауылдағы еңбек нарығының белсенділігін және мемлекеттік бағдарламалардың оң әсерін көрсетеді.

Инфрақұрылымдық жобалар

2025 жылы округте 12 жоба жоспарланып, олардың 11-і толық аяқталып, 1 жоба іске асырылуда. Негізгі жобалар төмендегідей бағыттарды қамтыды:

- құрылыс жұмыстары;
- білім беру мекемелерін газдандыру;
- ойын алаңдарын орнату;
- қатты тұрмыстық қалдықтар полигонын қоршау;
- саябақ салу;
- білім беру нысандарына ағымдағы жөндеу;
- мәдениет саласындағы нысандарды жөндеу.

Ойын алаңдарын орнату

Еңбекшіқазақ ауылында балаларға арналған заманауи ойын алаңы орнатылды. Жоба құны — 10,8 млн теңге. Бұл ауыл балалары үшін қауіпсіз әрі қызықты демалыс ортасын қалыптастырды.

ҚТҚ полигонын қоршау

Еңбекшіқазақ ауылындағы қатты тұрмыстық қалдықтар полигонының аумағына қоршау орнатылып, экологиялық қауіпсіздік шаралары күшейтілді. Жоба құны — 6,3 млн теңге.

Ескерткіштерді жөндеу

Мәмбет және Талапты ауылдарында Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арналған ескерткіштерге ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Бұл жұмыстарға 28,4 млн теңге жұмсалды.

Спорт инфрақұрылымы

Мәмбет ауылындағы шағын стадионға ағымдағы жөндеу жүргізіліп, жасанды шөп жамылғысына резеңке үгіндісі төселді. Жобаның жалпы құны — 11,2 млн теңге. Бұл ауыл жастарының спортпен шұғылдануына қолайлы жағдай жасады.

Қорытынды

2025 жыл Лабасы ауылдық округі үшін әлеуметтік нысандарды жаңғырту және инфрақұрылымды дамыту бағытында табысты болды. Жүзеге асырылған жобалар ауылдардың келбетін жақсартып қана қоймай, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттырды. Алдағы уақытта округтің дамуына бағытталған жұмыстар жалғасын табады.

Мұқыры ауылдық округінің 2025 жылдағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары

Мұқыры ауылдық округі 2025 жылы әлеуметтік инфрақұрылымды жақсарту, тұрғындардың тұрмыс сапасын арттыру және ауылдық аумақты дамыту бағытында бірқатар маңызды жұмыстарды атқарды. Жүзеге асқан жобалар ауылдың келбетіне оң өзгерістер енгізіп, әлеуметтік саланың тұрақты дамуына негіз қалады.

Бюджет және кірістер құрылымы

2025 жылға Мұқыры ауылдық округінің дербес бюджет көлемі 153,8 млн теңгені құрады. Оның ішінде меншікті кірістердің жоспары – 32,8 млн теңге, бұл жалпы бюджет көлемінің 21,3%-ын құрайды. Бұл округтің қаржылық тұрақтылығы мен экономикалық белсенділігінің жеткілікті деңгейін көрсетеді.

Салықтық түсімдер және көлік салығы

Ауылдық округ бойынша көлік салығынан 16 адамда 1 млн 190 мың теңге көлемінде берешек анықталды. Осыған байланысты округ әкіміне салық базасын кеңейту және берешекті

өндіру жұмыстарын күшейту тапсырылды.

Жұмыспен қамту саласы
2025 жылдың 10 айында жұмыспен қамту бағдарламасына 35 тұрғын қатысып, олардың 16-ы тұрақты жұмысқа орналастырылды. Бұл әлеуметтік қолдау шараларының тиімділігін көрсетеді.

Инфрақұрылымдық жобалар

2025 жылы округте жоспарланған 5 жоба толықтай жүзеге асырылды. Олар:

- ағымдағы жөндеу;
- көше жарығын орнату (2 жоба);
- ойын алаңын салу;
- білім беру нысандарын газдандыру (2 жоба).

Әкімшілік ғимаратқа жөндеу
Мұқыры ауылдық округі әкімінің аппараты ғимаратына ағымдағы жөндеу жүргізіліп, ғимаратқа қосымша пандус орнатылды. Жоба құны — 24,6 млн теңге.

Көше жарығын орнату

• Мұсабек көшесінде 15 жаңа жарықтандыру тірегі орнатылды (8,6 млн теңге).

• «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы аясында Мұқанов көшесіне 20 жарық шамы орнатылды (25,3 млн теңге).

Бұл жобалар ауыл көшелеріндегі қауіпсіздік деңгейін арттырып, тұрғындар үшін қолайлы орта қалыптастырды.

Балалар ойын алаңы

Қазақстанның 10 жылдығы ауылында заманауи балалар ойын алаңы салынды. Жобаға 16,2 млн теңге жұмсалды. Бұл ауыл балалары үшін жаңа демалыс орнына айналды.

Білім беру нысандарын газдандыру

• Қ.Жаппарбаев орта мектебі,

- «Қызғалдақ» балабақшасы толықтай газға қосылды. Бұл жылыту жүйесін тиімді пайдаланып, энергия шығындарын азайтуға мүмкіндік береді.

Қорытынды

2025 жылы Мұқыры ауылдық округінде іске асқан жобалар ауыл инфрақұрылымын жаңғыртып, әлеуметтік жағдайды жақсартуға бағытталды. Жол, жарықтандыру, білім беру, әлеуметтік нысандарды жаңарту сияқты салаларда атқарылған жұмыстар ауылдың дамуына жаңа серпін берді. Алдағы уақытта округте халықтың өмір сапасын арттыруға бағытталған жобалар өз жалғасын табатын болады.

Еңбекші ауылдық округінің 2025 жылдағы әлеуметтік-экономикалық дамуы

Еңбекші ауылдық округі 2025 жылы әлеуметтік инфрақұрылымды жаңғырту, тұрғындарға көрсетілетін қызмет сапасын арттыру және ауылдарды дамыту бағытында ауқымды жұмыстар атқарды. Жоспарланған жобалардың барлығы дерлік жүзеге асырылып, округтің әлеуметтік-экономикалық әлеуеті нығая түсті.

Бюджет көрсеткіштері

2025 жылға Еңбекші ауылдық округінің дербес бюджетінің көлемі 134,8 млн теңгені құрады. Оның ішінде меншікті кірістердің жоспары – 39,8 млн теңге, бұл жалпы бюджеттің 29,5%-ын құрайды. Бұл көрсеткіш округтің экономикалық белсенділігі мен кіріс бөлігін арттыру бағытында жүйелі жұмыстың жүргізіліп жатқанын көрсетеді.

Көлік салығы және салықтық база

Округ бойынша көлік салығынан 44 адамда 2 млн 449 мың теңге көлемінде берешек бар екені анықталды. Осыған байланысты округ әкіміне салық базасын кеңейту және берешекті өндіру жұмыстарын күшейту тапсырылды.

Жұмыспен қамту саласы

2025 жылдың 10 айында жұмыстарға орналасуға жәрдемдесу бағдарламасына 139 тұрғын қатысып, олардың 49-ы тұрақты жұмысқа орналасты. Бұл ауылдық округте еңбек нарығының белсенді дамып келе жатқанын көрсетеді.

Инфрақұрылымдық жобалар

2025 жылы округ бойынша жалпы құны 651,2 млн теңгені құрайтын 8 жоба іске асырылды. Жобалар әр сала бойынша қамтылды:

- балабақшаны газдандыру;
- балалар ойын және спорт алаңдарын орнату (2 жоба);
- жолдарды орташа жөндеу;
- жолдарды ағымдағы жөндеу;
- Қаратал және Бесқайнар ауылдарында ФАП салу (2 жоба);
- дәрігерлік амбулаторияны күрделі жөндеу (1 жоба).

Білім беру нысандарын газдандыру

3.Тамшыбай ауылындағы «Айгөлек» балабақшасы толықтай газға қосылды. Жоба құны — 14,5 млн теңге.

Ойын және спорт алаңдары

• Бесқайнар ауылында балалар ойын алаңы,

- Кеңарал ауылында спорт алаңы салынып, пайдалануға берілді. Бұл жұмыстарға 30,9 млн теңге жұмсалды.

Жол жөндеу жұмыстары

«Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы аясында:

- Қаратал ауылындағы Набережная көшесі,
- Кеңарал ауылындағы Бірлік көшесі,
- Бесқайнар ауылындағы Қиялов көшесі

орташа жөндеуден өтті. Жалпы құны — 75,5

млн теңге.

Сонымен қатар, округ бойынша жолдарды шұңқырлы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, оған 14 млн теңге бағытталды.

Денсаулық сақтау нысандары

«Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында:

- Қаратал ауылында,
- Бесқайнар ауылында жаңа фельдшерлік-акушерлік пункттері (ФАП) салынып, тұрғындар игілігіне берілді. Жобалардың жалпы құны — 367,3 млн теңге.

Сонымен қатар, 3.Тамшыбай ауылындағы дәрігерлік амбулаторияға күрделі жөндеу жүргізіліп, нысан толықтай жаңартылды. Жөндеу жұмыстарына 149 млн теңге жұмсалды.

Сумен қамту жүйесіне қатысты жоспарлар 3.Тамшыбай ауылында сумен жабдықтау жүйесін қайта жаңғырту және салу бойынша жобалау-сметалық құжаттама дайындалып, сараптаманың оң қорытындысы алынды. Жобаны іске асыру үшін 2026 жылға бюджеттік өтінім жолданды. Қаражат бөлінген жағдайда құрылыс-монтаж жұмыстары 2026 жылы басталмақ.

Қорытынды

Еңбекші ауылдық округінің 2025 жылдағы дамуы ауыл инфрақұрылымын жаңғырту, әлеуметтік сала нысандарын жетілдіру және тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру бағытында нәтижелі болды. Іске асырылған жобалар округтің экономикалық және әлеуметтік әлеуетін күшейтіп, тұрғындар үшін қолайлы жағдай қалыптастыруға ықпал етті. Алдағы уақытта да округтің дамуына бағытталған жүйелі жұмыстар жалғасын таппақ.

Жарлыөзек ауылдық округінің 2025 жылғы даму көрсеткіштері

Жарлыөзек ауылдық округі 2025 жылы әлеуметтік инфрақұрылымды жаңғырту, халыққа қолайлы жағдай жасау және елді мекендерді дамыту бағытында бірқатар маңызды жобаларды жүзеге асыруда. Іске асырылып жатқан жұмыстар округтің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыруға ықпал етуде.

Бюджеттің орындалу барысы

2025 жылға Жарлыөзек ауылдық округінің дербес бюджеті 103,2 млн теңгені құрайды. Оның ішінде меншікті кірістер – 35,0 млн теңге, бұл жалпы бюджет көлемінің 33,9%-ын көрсетеді. Бұл округтің қаржылық тұрақтылығы мен кіріс көздерін арттыру жұмыстарының жүйелі жүргізіліп жатқанын білдіреді.

Салықтық берешек

Көлік салығы бойынша округте 9 адамда 591 мың теңге көлемінде берешек бар. Осыған байланысты округ әкіміне салық базасын ұлғайту және берешектерді қайтару бойынша жұмыстарды күшейту тапсырылды.

Жұмыспен қамту

2025 жылдың 10 айында жұмыспен қамту шараларына 104 азамат қатысып, олардың 34-і тұрақты жұмысқа орналасты. Бұл көрсеткіш ауыл тұрғындарының әлеуметтік белсенділігін арттыруға оң ықпал етуде.

Инфрақұрылымдық жобалар

2025 жылы округ бойынша жалпы құны 2 млрд 450 млн теңгені құрайтын 2 ірі жоба және бірнеше шағын жобалар жүзеге асырылуда.

Білім беру нысандарын жаңғырту

Бостоған ауылындағы Мұсабек атындағы орта мектептің ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстары 2025 жылдың 18 сәуірінде басталды.

Жоба құны — 1 613,52 млн теңге.

Құрылыс жұмыстары 2026 жылдың ақпан айында толық аяқталады деп жоспарланған.

Мәдениет үйінің құрылысы

Жарлыөзек ауылындағы жаңа Мәдениет үйінің құрылысы 2024 жылы басталып, биылғы желтоқсан айында пайдалануға берілмек. Бұл нысан ауыл тұрғындарының мәдени өмірін жандандыруға зор мүмкіндік береді.

Жолдарды жөндеу

2025 жылы округтің ішкі жолдарына бөлінген 1,8 млн теңгеге ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, толықтай аяқталды.

Көше жарығын жаңарту

Жарлыөзек ауылындағы Идигов көшесінде көше жарығын жаңарту жұмыстары атқарылып, оған 1,7 млн теңге қаражат жұмсалды.

Ескерткіш пен қоғамдық кеңістікті жаңарту

Бостоған ауылында:

- ҰОС ардагерлеріне арналған ескерткіш ағымдағы жөндеуден өтті;
- Орталық саябаққа Флашток орнатылды.

Бұл жұмыстарға жалпы 9,4 млн теңге бағытталды.

Сонымен қатар, ауылдық округ әкімінің ғимаратына пандус жөндеу жұмыстары жүргізіліп, оған 2,1 млн теңге жұмсалды.

Жаңа ойын алаңы

Бостоған ауылында балаларға арналған жаңа ойын алаңын салу жоспарланып, оның 9,2 млн теңгелік сметалық жобасы дайындалды. Жоба келесі жылы іске асырылмақ.

Қорытынды

Жарлыөзек ауылдық округі 2025 жылы маңызды әлеуметтік, мәдени және инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру арқылы ауылдардың келбетін айтарлықтай жақсартуда. Мектеп ғимаратының жаңаруы, жаңа Мәдениет үйінің салынуы, жолдар мен

көшелердің жөндеуі тұрғындардың өмір сапасын арттыруға бағытталған. Алдағы жылдары да округті дамыту жұмыстары қарқынды жалғасатын болады.

Балпық ауылдық округінің 2025 жылғы даму көрсеткіштері және атқарылған жұмыстары

2025 жылы Балпық ауылдық округінде инфрақұрылымды жаңғырту, тұрғын үй құрылысы, әлеуметтік нысандарды дамыту және тұрғындардың өмір сапасын арттыру бағытында ауқымды жобалар жүзеге асырылуда. Ауылдық округ облыс бойынша ең қарқынды дамып жатқан аумақтардың бірі болып отыр.

Бюджет және кірістер құрылымы

2025 жылға Балпық ауылдық округінің дербес бюджеті 789 млн теңгені құрады. Оның ішінде меншікті кірістер – 454,9 млн теңге, бұл жалпы бюджет көлемінің 57,6%-ын көрсетеді. Бұл округтің экономикалық әлеуетінің жоғары екенін айғақтайды.

Көлік салығы бойынша берешек

Ауылдық округте көлік салығынан 334 адамда 17 млн 952 мың теңге берешек бар. Осыған байланысты округ әкіміне салық базасын кеңейту және берешекті өндіру жұмыстарын жандандыру тапсырылды.

Жұмыспен қамту

2025 жылдың 10 айында жұмыспен қамту бағдарламасына 1390 тұрғын қатысып, олардың 288-і тұрақты жұмысқа орналастырылды. Бұл көрсеткіш округтің әлеуметтік-экономикалық белсенділігінің артқанын көрсетеді.

Инфрақұрылымдық және әлеуметтік жобалар

2025 жылы округ бойынша жалпы 17 жоба жоспарланып, оның 13-і толық аяқталды. Қалған жобалар жоспарға сәйкес іске асырылуда.

Тұрғын үй құрылысы

- Балпық би ауылында 20 пәтерлі жалгерлік тұрғын үй пайдалануға берілді.
- Сонымен қатар, құны 2,2 млрд теңге болатын екі 60 пәтерлі несиелік тұрғын үй бой көтеруде. Екі нысан да 2026 жылдың маусым айында аяқталмақ.

Инженерлік инфрақұрылымды дамыту

- «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы аясында Балпық би ауылында көріз желілерінің құрылысына 300 млн теңге бөлініп, жұмыстар жалғасуда. Жоба құны — 581 млн теңге, толық аяқталуы 2026 жылға жоспарланған.
- Көпқабатты тұрғын үйлердің шатыры жөнделіп, 11 үйдің төбесіне ағымдағы жөндеу жүргізілді (135 млн теңге).

Көше жарығын орнату

Балпық ауылдық округінің Балпық би, Теректі, Ақшаюған елді мекендерінде 29 көшеге 682 жарықтандыру тірегі орнатылды. Жоба құны — 530 млн теңге.

Әлеуметтік нысандар

- 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай «Асылхан-Ади» 29 орындық жекеменшік балабақшасы ашылды.
- Балпық би ауылында екі шығуға арналған өрт сөндіру депосының құрылысы басталып, жыл соңына дейін аяқталады (457,3 млн теңге).
- Жаңа жедел-жәрдем бекеті (БМК) салынууда.

Жол жөндеу жұмыстары

2025 жылы округте жол инфрақұрылымын жақсарту бағытында ауқымды жұмыстар атқарылды:

- Балпық би ауылындағы Қабанбай батыр, Измайлов, Бауыржан Момышұлы, Жангелдин, Тазабұлақ, Жароков көшелерінде 5,63 км орташа жөндеу жүргізілді (200,4 млн теңге).
- Сонымен қатар, округтің 15 көшесі ағымдағы жол жөндеуінен өтті (9,9 млн теңге).

Ойын алаңдары мен қоғамдық кеңістіктер

Балпық би ауылының Нүсіпов ықшам ауданында балалар ойын алаңы салынды (28,8 млн теңге).

Сонымен қатар, ҰОС ардагерлеріне арналған ескерткішке ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді (6,9 млн теңге).

2025 жыл Балпық ауылдық округі үшін қарқынды құрылыс пен инфрақұрылымдық жаңғырту жылы болды. Жүзеге асқан және әлі жалғасып жатқан жобалар ауылдық округтің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсартуға, тұрғындар үшін қолайлы орта қалыптастыруға бағытталған. Алдағы жылдары да Балпық ауылдық округі аумағы тұрақты дамуын жалғастырып, жаңа жобалар жүзеге асырылмақ.

Әрбір тұрғынның үні естілетін, мәселесі назардан тыс қалмайтын қоғам қалыптастыру үшін осындай аудан әкімінің есеп беру кездесулері өте маңызды. Халықпен ашық диалог орнату — сенім мен бірліктің берік негізі.

«Әкім бол – халқыңа жақын бол» демекші, әкімнің әр ауылға барып, елмен етене пікір алмасып, нақты шешімдер қабылдауы – бұл тек есеп беру

ЕЛІМІЗ БОЙЫНША 360-ТАН АСТАМ ТӘЛІМГЕР ЖЕТІМ БАЛАЛАРДЫҢ ЕРЕСЕК ӨМІРГЕ БЕЙІМДЕЛУІНЕ КӨМЕКТЕСУДЕ



Елімізде ата-ана қамқорлығынсыз қалған және жетім балаларды жеке қолдауға бағытталған тәлімгерлік институтын дамыту жалғасуда. Бүгінгі таңда республика бойынша 20 өңірде 360-тан астам азамат тәлімгер атанды.

Тәлімгерлік қызмет ақысыз негізде жүзеге асырылады және 10 жасқа толған жетім балаларға арналған ұйымдардағы тәрбиеленушілерге қолданылады. Жобаның мақсаты – балалардың әлеуметтенуіне және өз бетінше өмір сүруге дайындауға жәрдемдесу.

Бұған дейін Қазақстанда тәлімгерлерді міндетті сертификаттау енгізілген болатын. Тәлімгер болғысы келетін азаматтар арнайы ұйымдарда оқудан өтіп, біліктілігін растайтын сертификат алады. Міндетті оқыту тәлімгерлердің балаларға тиімді қолдау көрсетуі үшін қажетті білім мен дағдыларға ие болуын қамтамасыз етеді.

«Тәлімгер – бұл баланың жанында жай ғана ересек адам емес. Бұл – уақытын, тәжірибесін және жүрек жылуын бөлісе алатын жан. Әр адам тәлімгер бола алмайды, себебі бұл ерекше жауапкершілікті және шын ниетпен көмектескісі келетін ықыласты талап етеді. Сондықтан біз оқыту мен сертификаттауды енгіздік – балаларға ең дайын әрі сенімді адамдар келуі үшін», – деп атап өтті ҚР БҒМ Балалар құқықтарын қорғау комитетінің төрайымы Насымжан Оспанова.

Еске салайық, Қазақстанда тәлімгерлік институты 2024 жылы заң жүзінде енгізілді.

Егер сіз, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаға тәлімгер болуға ниетіңіз болса, Жетісу облысы, Көксу ауданы, Балпық би ауылы, Мырзабеков көшесі, №42 ғимарат, байланыс нөмірі: 8 (72838) 2-02-95; ұялы нөмірі: 8 747 937 79 08.

По всей стране более 360 наставников помогают детям-сиротам реализоваться во взрослой жизни

В стране продолжается развитие института наставничества, направленного на индивидуальную поддержку детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей. На сегодняшний день более 360 граждан стали наставниками в 20 регионах республики.

Наставничество осуществляется на безвозмездной основе и распространяется на воспитанников организаций для детей-сирот, достигших 10-летнего возраста. Цель проекта — содействие социализации и подготовке детей к самостоятельной жизни.

Ранее в Казахстане была введена обязательная сертификация наставников. Граждане, желающие стать наставниками, проходят обучение в организациях по наставничеству и получают сертификат, подтверждающий квалификацию. Обязательное обучение гарантирует, что наставники обладают необходимыми знаниями и навыками для эффективной поддержки детей. *

«Наставник — это не просто взрослый рядом с ребёнком. Это человек, который делится временем, опытом и теплом души. Не каждый может стать наставником, ведь это требует особой ответственности и искреннего желания помочь. Именно поэтому мы ввели обучение и сертификацию — чтобы к детям приходили самые готовые и надёжные люди», — подчеркнула председатель Комитета по охране прав детей МП РК Насымжан Оспанова.

Стоит напомнить, что институт наставничества был законодательно введен в Казахстане в 2024 году.

Если вы намерены стать наставником ребенка-сироты и ребенка оставшегося без попечения родителей, область Жетісу, Коксуский район, село Балпық би, улица Мырзабекова, здание №42, контактный номер: 8 (72838) 2-02-95; мобильный номер: 8 747 937 79 08.

би ауылы, Мырзабеков көшесі, №42 ғимарат, байланыс нөмірі: 8 (72838) 2-02-95; ұялы нөмірі: 8 747 937 79 08.

Что такое профессиональная приёмная семья?

Профессиональная приёмная семья — это форма временного размещения детей, организованная с целью создания безопасной и комфортной семейной среды. Профессиональные приёмные семьи могут взять на воспитание до четырёх детей одновременно, обеспечивая каждому ребёнку индивидуальное внимание и заботу.

Кто может стать профессиональным приёмным родителем?

Граждане Республики Казахстан в возрасте от 30 до 63 лет
Имеющие стабильный доход и жилье
Прошедшие психологическую подготовку

Не допускаются:
Осужденные
Не имеющие постоянного места жительства
Имеющие хронические заболевания, препятствующие уходу за детьми
Состоящие на учете в наркологическом или психиатрическом диспансере

Этапы отбора:

- подача документов
- собеседование
- проверка состояния дома
- психологическая подготовка
- получение заключения

Материальная поддержка:

- 10 МРП на ребенка в месяц
- 70 МРП на воспитателя в месяц

Важно!

- Решение о назначении кандидатов принимается органами опеки и попечительства.

- Решение принимается на основании полноты представленных документов и соблюдения требований законодательства.

Что такое профессиональная приёмная семья?

Профессиональная приёмная семья — это временная форма устройства детей, обеспечивающая уход и воспитание.

- В семью может быть помещено не более 4 детей.

- С момента идентификации дети передаются непосредственно в семью, а не в школу-интернат.

- Им предоставляется индивидуальное внимание и семейная забота.

В профессиональные семьи помещаются только четыре категории детей:

Дети-сироты

- Дети, оставшиеся без попечения родителей
- Беспризорные и безнадзорные дети
- Дети, пострадавшие от насилия

Если вы изъявили желание стать профессиональной приемной семьей, можете обратиться по адресу: Область Жетісу, Коксуский район, село Балпық би, улица Мырзабекова, здание №42, контактный номер: 8 (72838) 2-02-95; сот номер: 8 747 937 7

БАЛАЛАР АУРУЛАРЫНЫҢ АЛДЫН АЛУДАҒЫ НЕГІЗГІ ФАКТОР - БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ТЕМПЕРАТУРАЛЫҚ РЕЖИМДІ САҚТАУ



Жылдың суық кезеңінің басталуына және ауа температурасының төмен болуына, сондай-ақ тұмау мен ЖРВИ бойынша эпидемиялық маусымның басталуына байланысты балалар мен жасөспірімдер үшін білім беру және тәрбиелеу ұйымдарында температуралық режимнің сақталуын қамтамасыз ету негізгі фактор болып табылады.

Оқу жылының қысқы кезеңінде аурулардың алдын алу және білім алушылардың денсаулығын сақтау мақсатында балалардың уақытша және тұрақты орналасқан үй-жайларындағы ауа температурасының гигиеналық нормативтерін бағалаумен бір мезгілде жылыту, желдету жүйелерінің жарамдылығы мен жұмыс істеуіне, үй-жайлардағы желдету режимін сақтауға назар аудару қажет.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы № ҚР ДСМ-76 бұйрығының 41, 54-тармақтарына сәйкес жылыту кезеңінде ауа температурасы гигиеналық нормалау құжаттарына сәйкес айқындалады.

Нысандарда оңтайлы микроклиматтық жағдайлар жасалады (температура, ауа қозғалысының жылдамдығы және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы). Ауаның температурасын бақылау үшін білім беру, тәрбиелеу ұйымдарының ойын, оқу және жатын бөлмелерінде, сондай-ақ медициналық пункттің үй-жайларында термометрлер орнатылады.

Мекеме басшылары үй-жайлардағы ауа температурасын күнделікті бақылауды қамтамасыз етеді, гигиеналық нормалар сақталмаған жағдайда температуралық жағдайды қамтамасыз ету бойынша шұғыл шаралар қабылданады.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 16 ақпандағы «Адамға әсер ететін физикалық факторлардың гигиеналық нормативтерін бекіту туралы» № ҚР ДСМ-15 бұйрығының талаптарына сәйкес білім беру ұйымдарының сыныптары мен аудиторияларында 18-23оС, мектепке дейінгі тәрбиелеу ұйымдарында: бөбекжай және кіші топтарының топтық және шешінетін үй-жайларында 20-24оС, орта және мектепке дейінгі топтарда 18-25оС; бөбекжай және кіші топтарының жатын бөлмелерінде 19-23оС, орта және мектепке дейінгі топтарда 18-23оС, вестибюльдерде және баспалдақ торларында – 16-22оС температура шегінде рұқсат етіледі.

Білім беру ұйымдарында сабақтар сабақтың тоқтатылуын жариялау үшін қолайсыз ауа райы метеожайлауларының бекітілген ұсынылған көрсеткіштері негізінде жүргізіледі және білім беру ұйымы басшысының не оны алмастыратын тұлғаның бұйрығымен ресімделеді және Білім басқармасының назарына жеткізіледі.

Жасыратыны жоқ, күз, қыс мезгілдері – бұл тыныс алу жолдарының аурулары маусым, бірақ бұл суық ауа балалар мен жасөспірімдердің ағзасын ғана емес, иммундық реакциясында зақымдайды.

Осыған орай, білім беру және тәрбиелеу ұйымдарында температуралық режим бойынша гигиеналық нормативтерді сақтау балалар ауруының алдын алу үшін өте маңызды.

С.Бақбергенова,
Көксу аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының жетекші маманы.

МЕКТЕПТЕГІ «ӨЗІН - ӨЗІ БАСҚАРУ» ҰЙЫМЫНЫҢ РӨЛІ



Қазіргі таңда білім беру жүйесі тек оқытумен шектелмейді. Мектеп тұлға қалыптастыратын орта, ал тұлғаның бойындағы көшбасшылық, жауапкершілік, инициатива, өз пікірін қорғай білу сияқты қасиеттер арнайы жағдай жасалған кезде ғана дамиды. Осындай маңызды міндетті жүзеге асыратын құрылымның бірі – мектептің өзін-өзі басқару ұйымы. Бұл ұйым – оқушылардың өз ортамен байланысын нығайтатын, олардың дауысы естілетін, бастамалары қолдау табатын ашық алаң. Өзін-өзі басқару ұйымы – оқушының тек орындаушы емес, мектеп өмірінің белсенді қатысушысы екенін дәлелдейтін жүйе. Мұнда әрбір сектор, әрбір жетекші, әрбір ерікті өз жауапкершілігін сезініп, ортақ мақсатқа қызмет етеді.

Мен, Медеубай Құрманов атындағы №2 орта мектептің Президенті ретінде, ұйым жұмысы арқылы шәкірттеріміздің жан-жақты дамуына, олардың ашық ойлы, белсенді, жауапкершілікті тұлға болып қалыптасуына

үлес қосуды басты міндетім деп білемін. Біздің ұйым жыл сайын көптеген мәдени, әлеуметтік, спорттық және еріктілік жобаларға бастамашы болып келеді. Мектеп ішіндегі тәрбие бағытындағы жұмыстарды үйлестіру, оқушылардың ұсыныстары мен пікірлерін жинау, мектеп әкімшілігімен бірлесіп отырып мәселелерді шешу – біздің ұйымның басты миссияларының бірі. Өзін-өзі басқару ұйымының жұмысы баланың тек мектеп алдындағы емес, болашақ алдындағы жауапкершілігін қалыптастырады. Әр жоба, әр бастама – бір тәжірибе, бір қадам. Жастардың бойында көшбасшылық қасиет осындай нақты әрекеттер арқылы қалыптасады. Командалық жұмысқа, уақытты тиімді жоспарлауға, пікірталас жүргізуге, көпшілік алдында сөйлеуге, келісімге келуге үйренген оқушы болашақта да кез келген ортада өз орнын таба алады. Сонымен қатар ұйым – мектептегі тәртіп пен мәдениетті нығайтудың, оқу ордасының атмосферасын жарқын етуінің маңызды бөлігі. Мектеп мерекелері, қайырымдылық акциялары, спорттық сайыстар, интеллектуалдық турнирлер мен өнер шаралары – оқушының өз әлеуетін ашуға мүмкіндік беретін орта. Бұл шаралардың басты ерекшелігі – оларды оқушылардың өздері ұйымдастырады, жоспарлайды және жүзеге асырады.

Өзін-өзі басқару – тек мектеп ішіндегі қозғалыс емес, бұл – жас буынды қоғамдық өмірге бейімдейтін тәрбие мектебі. Біздің мақсат – осы жүректің тоқтап қалмауы, керісінше жыл сайын жаңа идеялармен, жаңа жобалармен, жаңа жетістіктермен соғып тұруы. Жастар – ел ертеңі. Ал олардың бойында лидерлік қасиеттерді қалыптастыру – біздің міндет. Осы жолда біз аянбай еңбек етеміз әрі алға қойған мақсаттарымызды толығымен жүзеге асыратынымызға сенімдімін.

«Медеубай Құрманов атындағы №2 орта мектеп» КММ
«Өзін - өзі басқару» ұйымының президенті
Қайрхан Бейбарыс.



Қабылдаушы кәсіби отбасы дегеніміз не?

Қабылдаушы кәсіби отбасы – балаларды уақытша орналастырудың бір түрі, ол балаларға қауіпсіз әрі жайлы отбасылық орта құру мақсатында ұйымдастырылады. Қабылдаушы кәсіби отбасылар бір уақытта төрт балаға дейін қабылдай алады, әр балаға жеке назар мен қамқорлық көрсетіледі.

Кім кәсіби қабылдаушы тәрбиеші бола алады?
Қазақстан Республикасының азаматтары, жасы 30-дан 63 жасқа дейін
Тұрақты табысы мен тұрғын үй барлар
Психологиялық дайындықтан өткен тұлғалар

Қабылданбайтын тұлғалар:

- Сотталғандар
- Тұрақты тіркелген мекенжайы жоқтар
- Балаларға қарауға кедергі келтіретін созылмалы аурулары барлар
- Есірткі немесе психикалық диспансерде есепте тұрғандар
- Іріктеу кезеңдері:
 - Құжат тапсыру
 - Өңгімелесу
 - Үй жағдайын тексеру
 - Психологиялық дайындық
 - Қорытынды алу

Қаржылық қолдау:

- Әр балаға ай сайын 10 АЕК
- Тәрбиелеушіге ай сайын 70 АЕК

Маңызды!

- Кандидаттарды тағайындау туралы шешімді қамқоршылық органдары қабылдайды.

- Бұл шешім ұсынылған құжаттардың толықтығы мен заң талаптарына сәйкестігіне қарай қабылданады.

Кәсіби қабылдаушы отбасы дегеніміз не?

Кәсіби қабылдаушы отбасы — бұл қамқорлық пен тәрбиені ұсынатын балаларды орналастырудың уақытша түрі.

- Отбасына ең көбі 4 бала орналастырылуы мүмкін.

- Балалар анықталған сәттен бастап интернат емес, тікелей отбасыға беріледі.

- Олар жеке назар мен отбасылық қамқорлыққа ие болады.

Кәсіби отбасыларға тек төрт санаттағы балалар жіберіледі:

- Жетім балалар
- Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар
- Панасыз және қараусыз қалған балалар
- Зорлық-зомбылықтан зардап шеккен балалар

Егер сіз, кәсіби қабылдаушы отбасы болуға ниетіңіз болса, Жетісу облысы, Көксу ауданы, Балпық

ПАЦИЕНТ ҚҰҚЫҒЫ ЖӘНЕ ҚОЛЖЕТИМДІ МЕДИЦИНА: ТАЛДЫҚОРҒАНДА МӘМС МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША АШЫҚ ЕСІК КҮНІ ӨТТІ



Азаматтарға медициналық көмекті алу тәртібі және МӘМС жүйесінің жұмыс істеу қағидаттары егжей-тегжейлі түсіндірілді. Ерекше назар азаматтарды пациент құқықтары туралы ақпараттандыруға аударылды. Мамандар медициналық ұйымды таңдау мүмкіндіктері, тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін алу құқығы, сондай-ақ денсаулық сақтау саласында құқық бұзылған жағдайда қалай әрекет ету керектігі туралы баяндады. Тұрғындар МӘМС туралы заңнамадағы жаңашылдықтар да таныстырылып, жарналарды уақытылы төлеу және сақтандырылған мәртебесінің маңыздылығы атап өтілді.

Іс-шара ашық диалог форматында өтті. Қала тұрғындары өздерін қызықтырған сұрақтарды қойып, денсаулығына қатысты жеке ұсыныстар алды, дәрігерге жазылу тәртібін нақтылады, сондай-ақ МӘМС және тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі аясында қандай медициналық қызметтердің қолжетімді екенін білді.

Осындай кездесулер халықтың құқықтық және медициналық сауаттылығын арттыруға, сондай-ақ денсаулық сақтау жүйесін баршаға қолжетімді әрі түсінікті етуге ықпал етеді.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы

ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ ТҰРАҚТЫ ДАМУ ЖӘНЕ КЛИМАТТЫҚ СЫН-ҚАТЕРЛЕР

Көксу ауданында қалдықтарды басқару саласындағы тұрақты даму және климаттың өзгеруіне байланысты туындайтын сын-қатерлер талқыланды. Талқылау «ЭкоДиалог – қоршаған ортаны қорғау саласында мемлекеттік органдармен белсенді өзара іс-қимыл жасау және адам құқықтарын қамтамасыз ету үшін қазақстандық азаматтық қоғам ұйымдарын нығайту» жобасы аясында өтті.

Іс-шараның бастамашысы Еуропалық Одақтың қолдауымен «Ангел» ҚБ және NEJSupport халықаралық ұйымымен серіктестікте «Тұрақты дамуға жәрдемдесу» орталығы болды.

Үкіметтік емес ұйымдардың, мемлекеттік органдардың өкілдері, сарапшылар мен қоғам белсенділері қалдықтарды тұрақты басқару, климаттың өзгеруі және азаматтық қоғам мен мемлекеттік аппарат арасындағы әріптестікті дамыту мәселелерін қарастырып, талқылады.

Талқылау барысында Қазақстанның ауылдықы аймақтары үшін барған сайын өткір мәселеге айналып бара жатқан коммуналдық қалдықтар мәселесіне ерекше назар аударылды. Ауыл шаруашылығы өндірісінің ұлғаюы, халық арасында тұтынудың өсуі, қалдықтарды жинау, тасымалдау, сұрыптау, қайта өңдеу және кәдеге жаратуға арналған заманауи инфрақұрылымның жетіспеушілігі ҚТҚ полигондарына түсетін жүктеменің артуына және рұқсат етілмеген қоқыс үйінділерінің көбеюіне әкеп соғуда.

Көксу ауданының «Көксу жастары» жастар ұйымының жетекшісі Сейланбай Абылайхан Мақсұтұлы құттықтау сөз сөйледі.

«Тұрақты дамуға жәрдемдесу» орталығының жобалар үйлестірушісі Әшімхан Аружан «Қоршаған ортаны қорғау саласында мемлекеттік органдармен диалогқа белсенді қатысу және адам құқықтарын қамтамасыз ету үшін қазақстандық азаматтық қоғам ұйымдарын нығайту» жобасын жүзеге асырудың бірінші жылының нәтижелері туралы айтып берді.

Сарапшы Наталья Анисимова Қазақстандағы қалдықтармен жұмыс істеу және климаттың өзгеруі саласындағы ағымдағы жағдайға шолу жасады. Спикер қалдықтарды басқарудың тиімді жүйесінің негізгі құрамдас бөліктері, ауданда қалдықтарды басқарудың орталықтандырылған жүйесін құру қажеттілігін, алдағы бес жылға арналған іс-қимыл нұсқаулығы мен стратегиялық құжат болып табылатын коммуналдық қалдықтарды басқару бағдарламасын орындаудың маңыздылығы туралы айтты. Сарапшы Көксу ауданы бойынша коммуналдық қалдықтарды басқару бағдарламасының негізгі ережелерін ұсынды, атап айтқанда, аудандағы қалдықтарға қатысты жағдайды жақсарту бойынша жоспарланған іс-шаралармен таныстырды. Олардың қатарында: ескі контейнерлерді біртіндеп заманауи контейнерлерге ауыстыру, контейнерлік алаңдар салу, қайталама шикізат пен қауіпті қалдықтарды қабылдаудың жойылғаны және стационарлық пункттерінде қайталама шикізат жинауды ұйымдастыру, нормативтік талаптарға сай келмейтін көму объектілерін біртіндеп жабу және рекультивациялау, халықтың экологиялық мәдениетін арттыру, қалдықтарды бөлек жинау қажеттілігін насихаттау шараларын жүргізу бар.

Сонымен қатар, сарапшы климаттың өзгеруі мен қалдықтар проблемалары арасындағы байланысқа назар аударды. Атап

айтқанда, қалдықтар полигондары мен қоқыс үйінділері атмосфераға қауіпті парниктік газ болып табылатын метанның шығарылуына ықпал етеді, бұл климаттың жылынуына әкеледі. Оның салдары ауыл тұрғындары үшін ауыл шаруашылығы циклдарының бұзылуы, су ресурстарының тапшылығы және санитарлық жағдайлардың нашарлауы түрінде көрініс табады.

Гендерлік мәселелер және фандрайзинг жөніндегі сарапшы Гүлнәр Тойшынова халықаралық гранттық мүмкіндіктер мен қаржыландырудың заманауи түрлеріне, соның ішінде краудфандингке шолу жасады. Ол қолдау көздерін ертаратпандыру үкіметтік емес ұйымдарға шектеулі қаржыландыру жағдайында өмір сүріп қана қоймай, дамудың ұзақ мерзімді стратегияларын құруға мүмкіндік беретінін атап өтті. Спикер экологиялық бастамаларды жүзеге асыруға әйелдер мен жастарды тартудың маңыздылығына тоқталды, өйткені дәл осы топтар жергілікті деңгейдегі оң өзгерістердің қозғаушы күшіне айналады.

Іс-шараның қорытынды кезеңі стратегиялық пікірталас болды, оның барысында қатысушылар YEУ мен мемлекеттік құрылымдардың тиімді өзара іс-қимыл тетіктерін талқылады. Мемлекеттік органдарға азаматтық сектор тарапынан қалдықтарды басқару және климаттың өзгеруі бойынша жағдайды жақсарту жөніндегі ұсыныстар айтылды.

Талқылауға Көксу ауданы әкімдігінің өкілдері қатысты. Көксу ауданының ТКШ бөлімінің басшысы Жұмат Қуаныш Ержанұлы қалдықтарды басқару мәселелерінде жергілікті атқарушы органдардың жұртшылықпен тығыз ынтымақтастығының маңыздылығы мен қажеттілігін атап өтіп, бірлесіп жұмыс істеуге дайын екендігін білдірді.

Асқарбек Айбол Бахтиярұлы экология мәселелерінде мемлекеттік органдардың үкіметтік емес ұйымдармен тығыз ынтымақтастығының маңыздылығын растап, аудан тұрғындары арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру қажеттілігіне назар аударды.

Көксу ауданының YEУ өкілдері мен азаматтық белсенділері іс-шара күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді талқылауға белсене қатысып, экологиялық проблемаларды шешуге жұртшылықтың қатысуының маңыздылығын және қоғамдық диалог мәдениетін қалыптастырудың маңыздылығын атап өтті.

«ЭкоДиалог» жобасы қоршаған ортаны қорғауға жұртшылықтың қатысуының тұрақты тетіктерін дамытуға, жергілікті YEУ-ды қолдауға және мемлекет пен қоғам арасындағы әріптестікті қалыптастыруға бағытталған. Өткізілген іс-шара экологиялық күн тәртібінің бейресми тәсілді, ашық диалогты және барлық мүдделі тараптардың күш-жігерін біріктіруді талап ететінін көрсетті.

Қатысушылар талқылаулардың практикалық бағытын және сындарлы атмосфераны атап өтті. Мұндай іс-шаралар тәжірибе алмасу, жаңа бастамаларды қалыптастыру және тұрақты даму мен қоршаған ортаны қорғауға ықпал ететін нақты шешімдерді ілгерілету үшін маңызды алаңға айналады.

Тойшынова Гульнара, Гендерлік мәселелер және фандрайзинг бойынша сарапшы

РЕШЕНИЕ МАСЛИХАТА КОКСУСКОГО РАЙОНА ПРОЕКТ

О признании утратившими силу некоторых решений маслихата Коксуского района

В соответствии со статьей 7 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», статьей 27 Закона Республики Казахстан «О правовых актах», маслихат Коксуского района РЕШИЛ:

1. Признать утратившими силу следующие решения маслихата Коксуского района:
 - 1) «О повышении ставок земельного налога по Коксускому району» от 22 ноября 2022 года № 35-1 (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под № 174280);
 - 2) «О понижении размера ставки налогов при применении специального налогового режима розничного налога по Коксускому району» от 27 марта 2024 года № 20-82 (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под № 194824).
2. Настоящее решение вводится в действие с 1 января 2026 года и подлежит официальному опубликованию.

Председатель маслихата Коксуского района Бейсенбай Ж.

КОКСУ АУДАНЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ ЖОБА

Көксу ауданы мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 7-бабына, «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 27-бабына сәйкес, Көксу ауданы мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Көксу ауданы мәслихатының келесі шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:
 - 1) «Көксу ауданы бойынша жер салығының мөлшерлемелерін арттыру туралы» 2022 жылғы 22 қарашадағы № 35-1 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 174280 болып тіркелген);
 - 2) «Көксу ауданы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы» 2024 жылғы 27 наурыздағы № 20-82 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 194824 болып тіркелген).
2. Осы шешім 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Көксу ауданы мәслихатының төрағасы Ж. Бейсенбай

ПАЦИЕНТ ҚҰҚЫҒЫ: 2026 ЖЫЛЫ МӘМС КІМДЕР ҮШІН ҚОЛЖЕТИМДІ БОЛАДЫ



Желтоқсанда Ақмола облысы мен Астана қаласында әлеуметтік тұрғыдан осал D және E санатындағы азаматтарды әкімдіктердің жарналарын есебінен қамту бойынша пилоттық жоба өткізу жоспарланып отыр. МӘМС туралы заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес бұл механизм жаңа жылдан бастап ел бойынша іске қосылмақ.

Белгілі болғандай, қазақстандықтардың шамамен 60%-ы МӘМС жүйесінде жеңілдік санатына кіреді, яғни олар үшін жарнаны мемлекет төлейді (мысалы, зейнеткерлер, балалар, студенттер, жүкті әйелдер, мүгедектің бар жандар, ресми тіркелген жұмыссыздар, атаулы әлеуметтік көмек алушылар және басқалар).

Қазір Қазақстанда 3,5 миллионға жуық адам (халықтың 17,9%-ы) МӘМС жүйесіне қатыспайды. Олардың шамамен 1 миллионын әлеуметтік әл-ауқаты дағдарыстық (D) және шұғыл (E) деңгейде деп танылғандар құрайды.

2025 жылдың 14 шілдесінде қабылданған заң аясында Президент жергілікті атқарушы органдарға тұрғындарды медициналық сақтандырумен қамту жұмысын күшейтуді және медициналық көмекке жүгінген, жұмыс істемейтін, табысы төмен азаматтар үшін МӘМС жарналарын төлеуді тапсырды.

«Әкімдіктер жарнаны D және E санатындағы барлық адамдар үшін емес, нақты МӘМС аясында медициналық қызмет алған азаматтар үшін төлейді. Механизмді мысалмен түсіндірейін. Цифрлық отбасылық карта деректері бойынша, Астанада бұл санаттарға 26 065

адам кіреді. 2026 жылдың басынан бастап оларға МӘМС шеңберінде медициналық көмек алу құқығы беріледі. Ал егер қаңтар айында олардың 5 245-іне медициналық көмек көрсетілсе, онда келесі айдан – яғни ақпаннан бастап және жыл соңына дейін Астана қаласының бюджеті осы 5 245 адам үшін жарналарды аударады. Дәл осындай тәртіппен наурыз айында ақпанда МӘМС бойынша медициналық көмекке жүгінген D және E санатындағы тұлғалар үшін төлем жасалады», – деп түсіндірді Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры басқарма төрағасының орынбасары Сәуле Тәжібаева.

Аталған механизмнің техникалық іске асырылуына арналған пилоттық жоба биылғы жылдың желтоқсанында Ақмола облысының және Астана қаласының әкімдіктерімен бірге жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, Қорда ресми тіркелген жұмыссыздар үшін МӘМС жарналарының төлену тәртібі өзгеретіні атап өтілді: қазір бұл жарналарды республикалық бюджет төлейді, ал 2026 жылдың басынан бастап оларды жергілікті атқарушы органдар төлеуге міндетті. Тек субсидияланатын тәуелсіз орналасқан немесе жұмыс берушіде оқып жүрген адамдар бұдан тыс қалады.

«Бұл шешім өңірлерге жұмыс орындарын көбірек ашуға, азаматтарға жұмыс табуға көмек көрсетуге, кедейлікті азайтуға және жұмыссыздарды неғұрлым дәл есепке алуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ қиын жағдайға тап болған отбасылардың тұрмысын жақсартуға сеп болады. Нәтижесінде осал топтар медициналық көмекке қолжетімділігін сақтайды, ал 2026 жылы МӘМС жүйесіне шамамен 45,3 млрд теңге түседі, оның 30,4 млрд теңгесі – әлеуметтік осал азаматтар, 15 млрд теңгесі – жұмыссыздар үшін аударылатын жарналар. Бұл өз кезегінде сапалы медициналық қызметті пайдаланатын адамдар санын арттырады», – деп атап өтті Сәуле Тәжібаева.

Жарна мөлшері өңірдегі орташа жалақыға сүйене отырып, басқа жеңілдік санаттары үшін қолданылатын ережелерге сәйкес есептеледі.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы

Азаматтардың назарына! «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» ҚР Заңына 30.12.2024ж. қол қойылды. Банкроттыққа өтініштер 2023 жылдың наурызында қабылданады. Азаматтардың банкроттық рәсімдері:

1. Соттан тыс банкроттық (банктер, микроқаржы ұйымдары және коллекторлар алдындағы қарыз 5,5 млн теңгеге (1600 АЕК) дейін және 12 айдан артық өтелмейді, мемлекеттік кіруге жататын мүлік жоқ (жылжымайтын мүлік, жер және көлік құралдары); мемлекеттік кірістер Басқармасымен қарастырылады.
2. Сот банкроттығы (қарыздың қалған түрлері бойынша (сомасына қарамастан) 5,5 млн. теңгенден (1600 АЕК) астам сотпен қарастырылады.
3. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру (борышкер мүлкінің құны барлық қарыздардың мөлшерінен аспайды), сотпен қарастырылады. Сұрақтарыңыз

бойынша Көксу ауданы бойынша МКБ 8-/72838/-4-24-41 телефонға хабарласуға болады.

Көксу ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы хабарлайды! Құрметті заңды тұлғалардың басшылары, құрылтайшылары (қатысушылары) және жеке кәсіпкерлер, сондай-ақ олардың жұбайлары! 01.01.2024 жылдан бастап жалпыға бірдей декларациялаудың III кезеңі енгізіледі, оның шеңберінде Сіз 15.09.2024 жылға дейін «Активтер мен міндеттемелер туралы Декларацияны» (250.00-нысан) ұсынуға міндеттісіз. Уважаемые руководители, учредители (участники) юридических лиц и индивидуальные предприниматели, а также их супруги! С 01.01.2024 года вводится III этап всеобщего декларирования, в рамках которого Вы обязаны представить до 15.09.2024 года «Декларацию об активах и обязательствах» (форма 250.00).


ХАБАРЛАНДЫРУ!

«Сине Мидас Строй» БК «ЖШС автомобиль жолын күрделі жөндеу үшін пайдаланылатын «Сине Мидас Строй» БК «ЖШС «Көксу» вахталық қалашығымен өндірістік базаны пайдалану « жұмыс (техникалық) жобасына Қоршаған ортаны қорғау бөлімі жобасы бойынша жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды Республикалық маңызы бар А-3 «Алматы-Өскемен», Жетісу облысы Көксу ауданының 213-234 км. Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Сине Мидас Строй» БК « ЖШС. Жобаны әзірлеуші - «ЕсоАудит» ЖК, телефон: 87012449310 Қоғамдық талқылауды өткізу мерзімі 12.12.2025 ж. бастап бес жұмыс күні ішінде. Жоба бойынша орналастырылған құжаттама, ұсыныстар мен ескертулер сайтта қабылданады <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>.

ОБЪЯВЛЕНИЕ!

ТОО «СП «Сине Мидас Строй» уведомляет о проведении общественных слушаний посредством публичных обсуждений по проекту: Раздел охраны окружающей среды к рабочему (техническому) проекту «Эксплуатация производственной базы с вахтовым городком «Көксу» ТОО «СП «Сине Мидас Строй», в Коксусском районе области Жетісу, используемая для капитального ремонта автомобильной дороги республиканского значения А-3 «Алматы-Усть-Каменогорск», км 213-234 Коксусского района области Жетісу». Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «СП «Сине Мидас Строй». Разработчик проекта - ИП «ЕсоАудит», телефон: 87012449310 Сроки проведения публичных обсуждений с 12.12.2025 г. в течение пяти рабочих дней. Размещённая документация по проекту, предложения и замечания принимаются на сайте <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>.


«Чекті талап етіп жүлде ұтып ал!» акциясы 2025 жылғы 3 сәуірден бастап 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитеті фискалдық деректер операторымен бірлесіп «Чекті талап ет – жүлдені ұтып ал» акциясын өткізеді. Акция кезінде Қазақстанның әрбір тұрғыны кез келген затты сатып алу немесе ақылы қызметті қолдану кезінде ақшалай және басқа да бағалы сыйлықтар ұтып алу мүмкіндігіне ие болады. Тек тауарлар, жұмыстар және қызметтер үшін төленген сомаға берілетін чектерді «Amian» мобильдік қосымшасында тіркесе болды. Акцияға тек деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-кассалық машиналардың чектерін (Онлайн БКМ) чектері қатысады. Акцияны өткізудің мақсаты азаматтық белсенділікті арттыру, азаматтардың тауар, жұмыс және қызмет тұтынушысы ретіндегі өз мүдделерін қорғау бойынша құқықтық мәдениетін қалыптастыру, көлеңкелі экономиканың мөлшерін қысқарту болып табылады. «Amian» қосымшасын App Store және Play market-тен тегін жүктеуге болады. Акция шарттары бойынша чектің берілген күні мен уақыты ұтыс ойыны басталған күннен ерте болмауы тиіс. Бір қатысушы тіркейтін чектер саны шектелмеген.



Акция «Требуи чек – выиграй приз!» С 3 апреля 2025 года по 31 декабря 2025 года Комитетом государственных доходов МФ РК совместно с Оператором фискальных данных проводится акция «Требуи чек – выиграй приз». В период проведения данной акции каждый житель страны, совершая любые покупки или получая платные услуги, получает шанс стать обладателем денежных и других ценных призов. Необходимо только зарегистрировать чек за оплату товаров, работ и услуг в мобильном приложении «Amian». В акции принимают участие чеки контрольно-кассовых машин с функцией фиксации и (или) передачи данных (Онлайн ККМ). Целью проведения акции является повышение гражданской активности, воспитание правовой культуры граждан в вопросах защиты собственных интересов как потребителей товаров, работ и услуг, сокращение размеров теневой экономики. Приложение «Amian» можно бесплатно скачать с App Store и Play market. По условиям акции дата и время выдачи чека должны быть не ранее даты начала розыгрыша. Количество чеков, регистрируемых одним участником, не ограничено.

ХАБАРЛАНДЫРУ!

«Көшбасшы – 2025» Көксу ауданы әкімінің жастар сыйлығына байқау жарияланды! 18 бен 35 жас аралығындағы белсенді жастарды аудан деңгейдегі «Көшбасшы – 2025» байқауына қатысуға шақырамыз! Мақсаты: – Жастардың көшбасшылық қабілетін дамыту – Қоғамдық белсенділігін арттыру – Жаңа идеялар мен бастамаларды қолдау Қатысу шарттары: – Жасы 18–35 аралығында болуы – Белсенді азаматтық ұстаным – Қоғамға пайдасы бар нақты идея немесе жоба Өз мүмкіндігінді жіберіп алма! Еліңе, жастық күшіңе сен, көшбасшы бол!



Фишингтің жаңа толқыны - Сіздің Айфондарыңызды онлайн ұрлауда

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Қылмыстық қауіп-қатердің және қоғамдық қауіпсіздіктің төуекелдерін болжау орталығы iPhone иелеріне қатысты интернет-алаяқтықтың қауіпі туралы ескертеді. Шетелдік дереккөздердің (<https://www.bleepingcomputer.com/news/security/lost-iphone-dont-fall-for-phishing-texts-saying-it-was-found/>, <https://itc.ua/news/moshennyku-obmanyyvayut-vladeltsev-ukradennyh-iphone-falshyuyumu-soobshhenyuyamy-apple-find-my/>) ақпаратына сәйкес зиянкестер адамдарға Apple атынан жалған табылған iPhone-ның моделі, түсі және жадының көлемі көрсетілген жалған SMS немесе iMessage-ті, фишингтік сілтемені қоса жайлғай отырып, жолдайды, осылайша хабарламаның жалған еместігі туралы өсер туындайды. Бекітілген сілтеме бойынша өту арқылы, пайдаланушы Apple Find My сервисіне визуалды ұқсас жалған парақшаға түседі, ол Apple ID логині мен паролін алаяқтарға жолдайды. Бұл зиянкестерге iPhone-ның қосылуын құлыптауды айналып өтуге, құрылғыға және жеке ақпаратқа қол жеткізуге мүмкіндігін береді. Қауіп-қатердің көрсетілген түрі белсенді түрде таралуын ескере отырып, қатаң түрде келесі іс-шараларды ұстануды ұсынамыз: - күмән тудыратын сілтемелер бойынша етпеуді; - жоғалған құрылғының құлыптау экранында байланыс ақпаратын көрсету үшін бөлек электрондық поштаның мекенжайын пайдалануды; - SIM-картаға қол жеткізуді қиындату үшін оны PIN-кодпен қорғауды; - құрылғыны тек icloud.com/find. арқылы тексеруді. Сақ болыңыздар, киберқауіпсіздік талаптарын сақтаңыздар.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті



- ### НОМИНАЦИЯЛАР
- «ҮЗДІК СТУДЕНТ»
 - «ҮЗДІК ЖАС СПОРТШЫ»
 - «ҮЗДІК ЖАС ЖУРНАЛИСТ»
 - «ҮЗДІК МЕКТЕП ОҚУШЫСЫ»
 - «ҮЗДІК ЖАС ҚОҒАМ БЕЛСЕНДІСІ»
 - «ҮЗДІК ЖАС ЖҰМЫСШЫ МАМАН»
 - «МЕДИЦИНА САЛАСЫНЫҢ ҮЗДІК ЖАС КӨШБАСШЫСЫ»
 - «МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНЫҢ ҮЗДІК ЖАС КӨШБАСШЫСЫ»
 - «БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ САЛАСЫНЫҢ ҮЗДІК ЖАС КӨШБАСШЫСЫ»
 - «АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ САЛАСЫНЫҢ ҮЗДІК ЖАС КӨШБАСШЫСЫ»
- ҚҰЖАТТАР ҚАБЫЛДАУ УАҚЫТЫ 10 ЖЕЛТОҚСАНҒА ДЕЙІН
- +7 771 660-33 60 ЖҰЛДЫЗ
+7 747 191 76-25 САБИНА

Открыто наследство на имущество Селезнёвой Ольги Дмитриевны, умершей 01 августа 2025 года. Обращаться к нотариусу Курмангалиевой Ляззат Танжариковне по адресу: область Жетісу, Коксуский район, село Балпык Би, улица Кабанбай Батыр 24, квартира 01.

МЕНШІК ИЕСІ: «Нурлы Көксу» ЖШС

Директор:
Амир АСКАРОВ

Бас редактор:
Ардагүл ӘСКЕРБЕК
+7 778 858 2578

Газетке жариялауға жатпайтын мақалалар авторға кері қайтарылмайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 2019 жылғы 20 қыркүйекте тіркеліп, №КЗ13ВРУ00015121 куәлігі берілген. Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне редакция жауап бермейді. За достоверность объявлений и рекламы редакция ответственность не несет.

Редакция мекен-жайы: индекс 041200 Балпык би ауылы, Мырзабеков к-сі, 7 үй. Телефондары (факс): 8(72838) 2-02-77, Директор: 2-04-88, Дизайнер: 8(705)578-45-04

e-mail: Nurly_Koksu@mail.ru

Осы шығарылымның таралымы: 1050 Тапсырыс №74